Өзге іске пайдалану жағдайларында тоңазытқыштың жылу-энергетикалық сипаттамалары өндіруші көрсеткенге сәйкес келмеуі мүмкін.

Тоңазытқышты жатын бөлмелерде пайдалануға болмайды. Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде, атқарымдық шулар мен дыбыстардың болатынын ескеру қажет.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Оны сақтау немесе дүлей күш әрекеттердің (өрт, дүлей апаттар) кесірінен болған, оны пайдалану шарттарын бұзудың салдарынан пайда болған, бұйымның бүлінуі және ақау үшін (соның ішінде, кепілдік кезеңінде) өндіруші жауапты емес.

Тасымалдау кезінде тоназытқыштың бүлінген жерлерінің болмауын тексеріңіз. Оларды тапқан кезде жақын маңдағы Өкілетті Қызмет көрсету Орталығына телефон шалыңыз.

#### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Тоназытқыш қоршаған ортамен жоғары сыйымдылықты газ тәрізді хладагенттен (R600a: изобутан) және жылу айырғыш көбіктендіргіштен (HCFC141b) тұрады, алайда олар жанғыш заттар болып табылады. Қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін келесі ережелерді сақтауға кеңес беріледі:

- Ақау белгілері бар тоназытқышты ешқашан қоспаңыз; егер бұйымның ақауы бар екендігіне сізде күмән пайда болса, қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.
- Кез келген операцияларды орындаудың алдында желілік шнурды электр розеткасынан суырып тастау қажет.
- Тоназытқыштың ішкі жағында және артқы қабырғасында орналасқан тоназытқыш жүйесінде, хладагент бар. Олай болса, тоназытқыштың тоназыту жүйесінің трубаларына зиян келтірмеу үшін, абай болу қажет.
- Егер тоназытқыштың тоназыту жүйесінде ағып жатқан нәрсені байқасаңыз, электр розеткасына қолыңызды тигізбеңіз және жақын жерде ашық жалынды пайдаланбаңыз. Терезені ашып, бөлменің ішін желдетіп алыңыз. Содан кейін қызмет көрсету орталығына көмек сұрап, жүгініңіз.
- Тоназытқышта қатып қалған қалың мұзды пышақпен немесе басқа да үшкір затпен алмаңыз. Мұндай жағдайда хладагенттің сұлбасына залал келуі мүмкін, оның жүйеден шығып кетуі өрттің пайда болуына әкелуі немесе сіздің көзіңізге зиян келтіруі мүмкін.
- Ылғалды, маймен ластанған және қоқыс тасталған жерлерде электр құралдары мен аспаптарын орнатпаңыз, сонымен бірге оған су мен күн сәулесінің тікелей түсуіне жол бермейді.
- Оны жылытқыш электр құралдары мен аспаптарына жақын жерге немесе жанғыш материалдардың қасына орнатпаңыз.
- Ұзартқыш шнурлар мен жалғастырғыш тетіктерді қолданбаңыз.
- Жүйелік шнурды тым қатты тартпаңыз және майыстырмаңыз және желілік шнурдың вилкасын дымқыл, сулы қолмен ұстамаңыз.
- Ақауы бар желілік шнурды және вилкасының ақауы бар желілік шнурды пайдаланбаңыз; бұл электр тогынан немесе өрттен зардап шегуге әкелуі мүмкін.
- Желілік шнурды вилкасы таза болуы қажет, вилкада шаң-тозаңның болуы өртке әкелуі мүмкін.
- Тоназытқыштың еріту үдерісін үдету үшін механикалық құрылғылар мен басқа да жабдыктарды пайдаланбаңыз.
- Тоназытқыштың еріткен кезде, ашық отты және электр жылытқыш, бу тазартқыш, балауыз шам, майлы жалын және осыған ұқсас құрылғылар сияқты, электр жабдыктарын пайдалануға тыйым салынады.
- Тоназытқышқа жақын жерде жанғыш спрейлерді, мысалы, аэрозолды қорабы бар бояуды пайдаланбаңыз. Бұл өрттің шығуына немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Егер өндіруші мұндай пайдалануға кеңес бермеген болса, азық-түліктер мен тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімшелерінде электр аспаптарын пайдаланбаңыз.
- Эфир, жанармай, сұйытылған мұнай газы, газ тәріздес пропан, аэрозолды спрейдің ыдысын, желім, таза ішімдік сияқты, жанғыш және оңай ұшатын заттарды тоназытқышта сақтамаңыз. Бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Дәрі-дәрмектер мен ғылыми зерттеуге арналған материалдарды тоназытқышта сақтамаңыз.
- Олардың температурасын қатаң сақтау талап етілетін, материалдарды сақтаған жағдайда, мұндай материалдардың химиялық ыдырау қауіпі бар және бақылау мүмкін емес химиялық реакция болуы мүмкін, бұл қауіп-қатер туғызуы мүмкін.
- Тоназытқыштың корпусындағы және оның ішкі жағындағы желдеткіш саңылаулар қалқаланбауы тиіс.
- Тоназытқыштың төбесіне контейнерлер мен суы бар ыдыстарды қоймаңыз.
- Өз бетіңіше аталған тоназытқыштың жөндеу жұмыстарын орындауға тырыспаңыз. Барлық жөндеу жұмыстары қызмет көрсету қызметінің білікті қызметкерлері арқылы орындалуы тиіс.
- Аталған тұрмыстық электр аспаптары, ақыл-ой қабілет немесе тәндік кемістігі бар тұлғалардың (соның ішіне балалар да кіреді), сонымен бірге жеткілікті тәжірибе мен білімге ие емес тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Тек электр аспаптарын пайдалану бойынша нұсқаулықты

оқып-үйренген және олардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын, тұлғалардың бақылауымен ғана, мұндай тұлғалардың электр аспаптарын пайдалануына рұқсат етіледі.

- Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, балалардың электр аспаптарына жақын жерде ойнуына рұқсат етпеңіз.
- Газ плитасын қосу үшін пайдаланатын, икемді газды металл қолғаппен тоңазытқыштың артқы қабырғасына (конденсатордың торлары) жанасуға тыйым салынады.
- Тоңазытқыш орнатылған ғимараттағы желдету жүйесі, жарамды болуы қажет.
- Тоңазытқыштың құрылымын өзгертуге тыйым салынады. Барлық жөндеу жұмыстары кепілдікті жөндеу жұмыстарына өкілетті өндіруші, білікті қызметкер арқылы орындалады.

## ЕСКІРГЕН ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Бұл құрылғының 2012/19/ЕС электрондық және электрлік жабдықты кәдеге жарату жөніндегі Еуропалық директиваның (WEEE) талаптарына сәйкес таңбаламасы бар.

Көрсетілген электрондық және электрлік жабдықты кәдеге жарату бойынша талаптар ластаушы заттарға (қоршаған орта үшін жағымсыз салдар туғызуы мүмкін), сондай-ақ негізгі тораптарға (қайта өңдеуге болатын) қатысты. Электрондық және электрлік жабдықтың қалдықтары барлық ластаушы заттарды дұрыс кетіру және кәдеге жарату, барлық материалдарды қаппына келтіру және қайта өңдеу үшін арнайы процедураларға жатқызылуы өте маңызды.

Жеке тұлғалар кәдеге жаратылатын электрлік және электрондық жабдықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету етуде маңызды рөл атқара алады; бірқатар негізгі ережелерді ұстанған маңызды:

- Электрлік және электрондық жабдықтың қалдықтарын әдеттегі тұрмыстық қалдықтар секілді жаратуға болмайды.


- Электрлік және электрондық жабдықтың қалдықтары муниципалдық немесе тіркелген компаниялардың басқаруындағы арнайы жинау пункттеріне тапсырылуға тиіс. Көптеген елдерде электрлік және электрондық жабдықтың қалдықтарын жинау үшін үйге шығу көзделген.

Көп елдерде жаңа құрылғыны сатып алу кезінде ескісін бөлшек сатушыға қайтаруға болады, ол құрылғының тура сатып алынған құрылғы секілді эквивалентті типі және функциялары бар болатын шартпен, оны "біреуі біреуі үшін" принцип бойынша әкетуді тегін ұйымдастыруға тиіс.

## СӘЙКЕСТІК

Осы өнімге **CE** таңбаламасын түсіре отырып, біз өз жауапкершілігімізге, өнімдердің осы түрі үшін заңнамада көзделген барлық Еуропалық қауіпсіздік, денсаулық қорғау нормаларына және экологиялық талаптарға сәйкестігі туралы мәлімдейміз.

## ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ




Ескерту: Суреттер тек ақпарат үшін келтірілген. Шын құрылғы суретте берілген құрылғыдан біршама ерекшеленуі мүмкін.



**ЕСКЕРТУЛЕР:**


- Электр аспапты ылғалды немесе сыз үй-жайларда орнатпаңыз, өйткені бұл электр оқшауламаның бұзылуына және электр тогының жылыстауына әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, электр аспаптың электр компоненттерінде ылғал конденсатталуы мүмкін.
- Электр аспапты ашық аспан астында және жылу көздеріне жақын жерлерде орнатпаңыз, сондай-ақ оған тура күн көзінің әсер етуіне жол бермеңіз.
- Электр аспаптың үстіне сұйық құйылған контейнерлер қоймаңыз.

1. Иллюстрацияда (1-сурет) тоңазытқыштың айналасындағы минималды бос кеңістік көрсетілген. Қабырғадан көбірек қашықтық электр энергиясының тұтынысын төмендетуді қамтамасыз етеді. Тоңазытқышты 1-суретте көрсетілгеннен кем қабырғалардан саңылаулармен орнату электр аспаптың қалыпты жұмысының бұзылуына, шуыл деңгейінің ұлғаюына және тоңазытқыштың бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.



1-сурет

3. Орнықтылықты қамтамасыз ету және вибрация мен шуылдың алдын алу үшін аяқтардың биіктігін реттеңіз (2-сурет). Егер тоңазытқыштың алдыңғы бөлігі артқы бөлігінен жоғарырақ орналасса, онда тоңазытқыштың есікшесі оңайырақ жабылатын болады.



2-сурет

**ЕСКЕРІМ:**

Егер сіздің тоңазытқышыңыздың қабырғалары тат баспайтын болаттан жасалған немесе арнайы жабыны бар болса, онда тоңазытқыш оның қабырғаларын механикалық зақымдардан қорғайтын қорғаушы таспа жабынмен жеткізілуі мүмкін. Ондай қорғаушы жабынды алған кезде беттерді бүлдіруі мүмкін үшкір заттарды пайдаланбаңыз.

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ЖҰМЫСҚА ҚОСУДЫҢ АЛДЫНДА

Тоңазытқыштан оның ішіндегі барлық орамалар мен қапталымдық материалдарды алып тастаңыз және тоңазытқыштың ішкі беттерін ас содасы немесе бейтарап сабын қосылған сумен жуыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тоңазытқыш жеткізілгеннен кейін оны вертикалды қалыпта орнатыңыз және тоңазытқыш агент тасымалдаудан кейін тиісті түрде таралғанына сенімді болу үшін, оны электр желісіне қосудан бұрын, кем дегенде 2-3 сағат күте тұрыңыз, бұл тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет. Олай болмаған жағдайда, тоңазытқыштың компрессоры бұзылуы мүмкін.

Тоңазытқышты қосқаннан кейін және тоңазытқышқа жаңа немесе мұздатылған өнімдер салудан бұрын тоңазытқышта/мұздатқышта қалыпты жұмыс температурасы тұрақтануы үшін 2-3 сағат күте тұрыңыз.

Желілік бау ағытылған жағдайда, тоңазытқышты/мұздатқышты қайта қосудан бұрын кем дегенде бес минут күте тұрыңыз. Содан кейін тоңазытқыш жұмыс істеуге дайын.

## ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ

Тоңазытқыш электр тогының соққысынан қорғаныш дәрежесі бойынша I сыныпқа жатады және жерге тұйықтау контакты бар 2 полюсті розетка арқылы 220-240В, 50Гц желіге қосылуға тиіс.

Айнымалы ток желісіндегі сақтандырғыш - 10А.

Желілік баудың ашасын электр розеткасына қосудан бұрын:

- электр розеткасы жерге тұйықталғанын және қолданыстағы ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес келетінін.
- электр розеткасы тоңазытқыштың төлқұжаттық табличкасында көрсетілген электр аспаптың максималды жүктемесіне шыдай алатынын.
- электр желісінің кернеуі тоңазытқыштың төлқұжаттық табличкасында көрсетілгенге сәйкес келетінін.
- электр розеткасы электр аспаптың желілік бауының ашасымен үйлесімді екенін тексеріңіз.

***Жерге тұйықтау контакты бар розетканы орнату үшін білікті электрлікке хабарласу қажет.***

- Электр аспапты біржола орнатудан кейін оның желілік бауына және тоңазытқыш оған қосылған электр розеткасына ыңғайлы қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуіне тиіс.
- Желілік бау ширатылмауға немесе қысылмауға тиіс.
- Желілік бау үнемі қаралып отыруға тиіс. Желілік бауды ауыстыруды тек сервистік қызметтің аттестатталған маманы орындауға тиіс.

***Қоректендіру бауы зақымдалған кезде оны өндірушіден немесе оның өкілінен алынатын баумен ауыстыру керек.***

- Егер бұл сақтық шаралары сақталмаса, онда өндіруші ешқандай кінәрат-талаптарды қабылдамайды.

Тоңазытқыш электр желісіне қосулы тұрған кезде тоңазытқышқа және табиғи жерге тұйықтауы бар құрылғыларға (газ плиталары, радиаторлар, суқұбыры құбырлары) қатар қол тигізуге тыйым салынады).

ЕСКЕРІМ:

Желілік бау ағытылмайынша, электр аспапқа қоректендіру кернеуі жіберілетін болады.

## Басқару жинақтамасын пайдалану



3-сүрет

### ТҮЙМЕЛЕРДІҢ МІНДЕТІ

- А. Тоңазытқыштың оқшауланған камерасындағы температураны реттеу
- В. Мұздатқыш камерасындағы температураны реттеу

### ЖК-ДИСПЛЕЙ

- 1. Тоңазытқыштың оқшауланған камерасындағы температура
- 2. Тоңазытқыштың мұздатқыш камерасындағы температура
- 3. Қатты мұздату режимі

### ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖАРАМДЫ КҮЙІ

- а. Қуат көзіне қосылған соң басқару жинақтамасындағы барлық индикаторлар (көрсеткіштер) 3 секунд бойына жанып тұрады, содан кейін құрылғы соңғы күйге келтіру режимінде (режим мен температура) жұмыс істейтін болады. Клавишаны басқан соң, 25 секундтан кейін жүйе автоматты түрде бұғатталып қалады. Жинақтамадағы индикаторлар клавишты соңғы рет басқан соң, 30 секундтан кейін сөніп қалады.
- в. Тоңазытқыштың оқшауланған камерасында және мұздатқыш камерасында берілген температура дисплейде көрініп тұрады.

### ДИСПЛЕЙ

Тоңазытқыштың оқшауланған камерасында және мұздатқыш камерасындағы (бір рет ашқан кезде, есікті ашудың бір дабылы анықталады) есікті ашқан соң, 2 минут бойына жинақтама жарық түсіріп тұрады.

Кез келген түймені басқанда жинақтама жарық түсіріп тұрады. Сонымен бірге соңғы операциядан соң, 2 минуттан кейін жарық сөнеді.

Қалыпты жұмыс уақытындағы дисплейдің күйі

Тоңазытқыштың оқшауланған камерасындағы температураны көрсету: Белгіленген температураны индикациялау.

Мұздатқыш камерасындағы температураны көрсету: Белгіленген температураны индикациялау.

## **ТҮЙМЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ**

### **Тоңазытқыштың оқшауланған камерасындағы температураны реттеу**

Тоңазытқыштың температурасын реттеу режиміне кіру үшін, fridge (тоңазытқыш) деген түймені басыңыз, содан кейін тоңазытқыштың оқшауланған камерасындағы температураның мәні жанып-өшіп, жылтылдай бастайды. fridge деген түймені рет-ретімен басқан кезде, температураның мәні рет-ретімен өзгереді: «2°C, 3°C, 4°C, 5°C, 6°C, 7°C». 5 секунд бойына мәні жанып-өшіп жылтылдап тұрған соң, тоңазытқыштың температурасы белгіленген болып саналады.

### **Мұздатқыш камерасындағы температураны реттеу**

Мұздатқыш камерасындағы температураны реттеу режиміне кіру үшін, freezer (мұздатқыш камера) түймесін басыңыз, содан кейін мұздатқыш камерасындағы температураның мәні жанып-өшіп, жылтылдай бастайды. freeze деген түймені рет-ретімен басқан кезде, температураның мәні рет-ретімен өзгереді: «-14°C, -16°C, -18°C, -20°C, -22°C», қатты мұздату (қар ұшқыны түріндегі символ). 5 секунд бойына мәні жанып-өшіп жылтылдап тұрған соң, мұздатқыш камерасының температурасы белгіленген болып саналады.

### **Қатты мұздату режимі (SUPER FREEZING)**

Қатты мұздату режимін таңдап алыңыз (3.2 бөлімін қараңыз). 5 секунд бойына талапқа сай символдың жанып-өшіп жылтылдауы, қатты мұздату режимі таңдалғанын білдіреді.

Қатты мұздату режимін таңдаған соң:

- егер құрылғының мұзын ерітетін болса, еріту үдерісі аяқталады, содан кейін құрылғы қатты мұздату режиміне өтеді.
- егер құрылғының мұзын соңғы рет еріткен уақыттан бастап, қатты мұздату режимін таңдағанға дейін 12 сағаттан асып кеткен болса, құрылғы қатты мұздату режиміне өтуден алдын тікелей еріту үдерісін бастайды, олай болмаған жағдайда қатты мұздату режиміне бірден өтеді.
- Қатты мұздату режимінде:
- мұздатқыш камерасындағы температура -25°C қойылады, құрылғы мұздатқыш камерасының басқару қағидаларына сәйкес жұмыс істейтін болады.
- тоңазытқыштың оқшауланған камерасының жұмысы, тоңазытқыштың оқшауланған камерасындағы температураны реттеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- егер қатты мұздату режимінде қуат көзін өшіріп қойса, оны қосқан соң қатты мұздату режиміндегі күйі сақталып қалады, ал қатты мұздату режиміндегі жұмыс уақыты нөлге тең болады.
- ерітуі үдерісі тоқтатылады.

Қатты мұздату режимінен шығу


- басқа күйге келтіру үшін freezer клавишін басқанда.
- қатты мұздату режимінде 26 сағат жұмыс істеген соң.
- Қатты мұздату режимінен шыққан соң
- егер құрылғы 2-сағаттан астам уақыт қатты мұздату режимінде жұмыс істеген болса, еріту үдерісі басталады
- құрылғы қатты мұздату режимінің алдында орнатылған режим бойынша жұмыс істейтін болады.

## ӨНІМДЕРДІ САҚТАУ

- Өнімдердің хош иісін, нәрлік сипаттарын және жаңалығын сақтап қалу үшін, оларды төмендегі келтірілген 8-суретте көрсетілгендей, тоңазытқыштың бөлімшелерінде, өнімдерді алюминий фольгаға немесе пластик таспаға орап сақтауға кеңес беріледі, немесе өнімдер қасында сақталатын тамақтың иісін сіңірмеуі үшін, оларды жабық контейнерлерде сақтауға кеңес беріледі.
- Ылғалдылықтың жоғарылауына жол бермеу үшін, тоңазытқышқа қақпағы жоқ ыдыстарды қоймаңыз, бұл тоңазытқыш камерадағы температураның жоғарылауына әкеледі.

### Тоңазытқыш аймағы













Жемістер мен көкөністер ылғалын жоғалтпауы үшін, олар пластикпен, мысалы, пластик таспамен немесе пластик пакетпен қорғалуға, содан кейін жемістер/көкөністер аймағына қойылуға тиіс. Бұл олардың жылдам бүлінуінің алдын алады.



4-сурет

### Мұздатқыш аймағы

Төменде келтірілген кестені қараңыз, онда өнімдерді мұздатқышқа сақтау уақыты көрсетілген. Өнімдерді мұздату тек мына бөлімшелерде орындалады **\* \*\* \***

2 - 3 месяцев			
4 - 6 месяцев			
6 - 8 месяцев			
10 - 12 месяцев			

5-сурет

## ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

- Ауа қалыпты айналуы және өнімдерді салқындатуы үшін, оларды сөрелерге біркелкі орналастырыңыз.
  - Өнімдердің тоңазытқыш камераның артқы қабырғаларына тигізіне жол бермеңіз.
  - Тоңазытқышқа ыстық тамақты қоймаңыз, өйткені ол тоңазытқышта тұрған басқа өнімдерді бүлдіріуі, сондай-ақ тұтынылатын электр энергиясының ұлғаюына әкеліп соғуы мүмкін.
  - Өнімдерді тоңазытқышқа қоюдың алдында, олардан орамды шешіңіз.
  - Тоңазытқышқа кір тәрелкелер мен табақтарды қоймаңыз.
  - Желдеткіштен салқын ауа шығаруға арналған ойықтарды тамақпен қалқаламаңыз.
  - Ауаның қалыпты айналысын қамтамасыз ету үшін, көкөністер сақтауға арналған контейнердің шыны сөресін қалқаламаңыз.
  - Қоректендіру кернеуі ұзақ уақыт жоқ болған жағдайда, тоңазытқыштың есікшелері тоңазытқыштың ішінде тұрған тамақ мүмкіндігінше салқын күйінде қалуы үшін, жабық қалуға тиіс.
  - Тоңазытқыш жылы және ылғалды үй-жайда орнатылған кезде, тоңазытқыштың есікшесі жиі ашылатын жағдайда және тоңазытқышта көкөністердің көп көлемі сақталатын уақытта онда конденсат түзілуі және тоңазытқыштың қалыпты жұмысының бұзылуы орын алуы мүмкін.
  - Электр энергиясының көп тұтынылуына жол бермеу үшін, тоңазытқыштың есікшелерін жиі ашпауға және оларды ұзақ уақытқа ашық күйінде қалдырмауға кеңес беріледі.
- Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған уақытта артқы қабырғаны компрессордың жұмыс істеп тұрғанына немесе тұрмағанына қарай қырау немесе су тамшылары басуы мүмкін. Мазаланбаңыз, бұл қалыпты нәрсе.

## МҰЗДАТУ

- Мұздатуға арналған өнімдер жаңа болуға тиіс.
- Өнімдерді жылдам мұздату үшін олардың шағын көлемін бірден мұздатыңыз. Ешқашан тоңазытқыштың төлқұжаттық табличқасында көрсетілген максималды тамақ көлемін асырмаңыз.
- Өнімдерді мұздатқан уақытта мұздатқыш бөлімшесінің есікшесін ашпаңыз.
- Ас герметикалық қапталған болуға тиіс.
- Мұздатылуға тиіс тамақты енді мұздатылған тамақтан бөліңіз.
- Мұздатылған өнімдерді түгендеуді қамтамасыз ету үшін, пакеттерге немесе контейнерлерге құлақшалар жабыстырыңыз.
- Өнімдерді жібіткеннен кейін ешқашанда оларды қайта мұздатпаңыз және оларды бірден тұтыныңыз.

### **ЕСКЕРТУ:**

Мұздатылған өнімдерді су немесе дымқыл қолмен ұстамаңыз, бұл күйікке әкеліп соғуы мүмкін.

Мына бөлімді қараңыз. **Дисплей Қосу/Өшіру**

Өнімдерді салудан 8 сағат бұрын SUPER FREEZING (Терең мұздату) функциясын қосыңыз.

## ЖІБІТУ

Жібіту автоматты түрде орындалады.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Тоңазытқыш камераның есікше ашылған кезде қосылатын және ол жабылған кезде ажыратылатын жарықтандыруы бар. Жарықтандыру үшін әдеттегі шамдарға қарағанда анағұрлым ұзақ мерзімді және қоршаған орта үшін әлдеқайда зиянсыз болып табылатын жарық диодты шамдар пайдаланылады.

Оларды ауыстыру қажет болған жағдайда сервистік орталыққа хабарласу қажет.

ТАЗАЛАУ

**ЕСКЕРІМ:**

•Өр операцияны орындаудың алдында электр тогының соққысын алу мүмкіндігінің алдын алу үшін, тоңазытқыштың желілік бауын электр розеткасынан ағыту қажет.

Суды тоңазытқыштың сыртқы және ішкі беттеріне тікелей құймаңыз. Бұл металл детальдердің тотықтануына және электр окшауламаның бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін

**БҰЛ МАҢЫЗДЫ:**

Тоңазытқыштың ішкі беттері мен пластмасса детальдерінің бүлінуіне жол бермеу үшін, келесі ережелерді ұстану керек:

•Өнімдерді шығарыңыз.

•Пластмасса детальдерге жабысып қалған тамақтың, майдың және т.т. бөлшектерін кетіріңіз.

•Ішкі детальдерді, тығыздамаларды, тығыздаманың есікшемен қабысу аймағын және сыртқы детальдерді суға немесе ас содасының немесе бейтарап сабынның ерітіндісіне суланған шүберектің көмегімен тазалауға болады.

•Тоңазытқышты тазалау үшін еріткіштерді, аммиакты, ағартқыштарды немесе абразивтік тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

•Тоңазытқыштың ішінен керек-жарақты шығарыңыз, мысалы, тоңазытқыштың ішінде және оның есікшесінде орналасқан сөрелерді алып шығыңыз. Оларды ыстық сабынды сумен жуыңыз. Таза сумен шайыңыз және жақсылап құрғатыңыз.

•Тоңазытқыштың артқы қабырғасында шаң жинақталады, оны шаңсорғыштың көмегімен кетіруге болады. Кем дегенде жылына екі дүркін артқы қабырға мен конденсаторды шаңсорғышпен тазалап отырыңыз. Оның алдында тоңазытқышты өшіру және оның желілік бауын электр розеткасынан ағыту қажет. Бұл тоңазытқыштың энергия тиімділігін жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

•Суағардың науасындағы ойықты шайыңыз. Компрессордың үстіндегі ыдыстан суды ылғалды оңай сіңіретін материалмен кетіріңіз.

•Барлық детальдерді құрғатып сүртіңіз.

## ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

- Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде, энергияны үнемеуді арттыру үшін келесі кеңестер беріледі:
- Электр аспаптарын жылу көздерінен алыстау орнатыңыз, оған тікелей күн сәулесінің түсуіне жол берменіз, сонымен бірге оны жақсы желдетілген, ауасы тазартылған бөлмеге орнату қажет.
- Тоңазытқыштың ішіндегі температураның артып кетуінің алдын алу үшін және компрессордың ұзақ уақыт жұмыс істеуі үшін, тоңазытқышқа ыстық тамақты салмаңыз.
- Тоңазытқыштың ішінде ауаның қалыпты алмасуын қамтамасыз ету үшін, оған тым көп азық-түліктерді салмаңыз.
- Егер оның ішінде қалың мұз қабаты пайда болса, тоңазытқышты ерітіңіз (Ерітуді қараңыз). Бұл салқын ауаның оңай алмасуы үшін қажет.
- Электрмен қамтамасыз ету бұзылған жағдайда, мүмкіндігінше, тоңазытқыштың есігін жабық ұстау қажет.
- Тоңазытқыштың есігін барынша азырақ ашу немесе ашық ұстау қажет.
- Термостатта тым төмен температураны белгілеуден аулақ болу.
- Тоңазытқыштың сыртқы жағындағы қабырғада жиналған шаң-тозаңды тазалау (Тазалау бөлімін қараңыз).
- Тоңазытқыштың есіктеріне қойылған резеңкенің таза болуын және есікті жапқан кезде корпусқа нығыздалып жабылуын қадағалаңыз, бұл суық ауаның шығып кетуінің алдын алуға мүмкіндік береді.
- Тоңазытылған азық-түліктерді тоңазытқыш камераларында еріту қажет, өйткені олардың салқындығы тоңазытқыштың электр қуатын тұтынуын төмендетеді.

## ШУЫЛДЫ ТӨМЕНДЕТУ

Тоңазытқыштың жұмысына әбден табиғи шуылдар ілеседі.

- ГУИЛДЕУ, компрессор жұмыс істеуде.
- СЫТЫРЛАУ және ЫСЫЛДАУ, тоңазытқыш агент түтікшелер арқылы ағуда.
- ТЫҚЫЛДАУ және СЫРТЫЛДАУ, компрессордың тоқтауы немесе қосылуы.

Вибрациялық шуылдарды төмендетуге бағытталған қарапайым шаралар:

- Электр аспап горизонталды орнатылмаған: Аяқтардың биіктігін реттеудің көмегімен горизонталды орнатуды реттеңіз.
- Контейнерлер бір біріне тиіп тұр. Контейнерлер мен шыны ыдыстардың арасындағы контактыны жойыңыз.
- Тоңазытқыш басқа заттарға тиіп тұр. Тоңазытқышты ол жиһазға немесе басқа электр аспаптарға тиіп тұрмайтындай етіп орнатыңыз.
- Тартпа жәшіктер мен сөрелер дірілдейді. Ішкі керек-жарақтың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

### **ЕСКЕРІМ:**

Газ тәрізді тоңазытқыш агент тіпті компрессор жұмыс істемей тұрған уақытта да шуыл шығарады, бұл ақау емес, бұл қалыпты құбылыс.

Егер Сіз тоңазытқыштың ішінен сыртылдарды естісеңіз, бұл қалыпты құбылыс, өйткені бұл сыртылдар әр түрлі материалдардың жылулық кеңеюінен туындайды.

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ УАҚЫТША ТОҚТАУЫ

Егер тоңазытқышты ұзақ уақыт бойынша іске пайдаланбау жорамалданатын болса:

1. Тоңазытқышты өшіріңіз (Іске пайдалануды қараңыз).
2. Желілік бауды электр желісінен ағытыңыз.
3. Тоңазытқышты тазалаңыз.
4. Иіс пайда болуына жол бермеу үшін, тоңазытқыштың есікшесін ашық қалдырыңыз.



## ЕСІКШЕНІ ҚАЙТА ІЛУ

Қажет болған жағдайда тоңазытқыштың есікшелерін олар оңға немесе солға қарай ашылатындай етіп қайта ілуге болады.

ЕСКЕРІМ:

- Тоңазытқыштың есікшесінде оған жалғанған контактылық сымдар бар дисплей орналасқан, сондықтан **тоңазытқыштың есікшесін қайта ілуді сервистік қызметтің білікті маманы орындауға тиіс.**
- Есікшені қайта ілу кепілдіктің қолданылу саласына кірмейді.

## САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қапталымдағы тоңазытқыш табиғи желдетуі бар жабық үй-жайларда 80%-дан жоғары емес салыстырмалы ылғалдылық жағдайында сақталуға тиіс.

Жүк тиеу-түсіру жұмыстары кезінде тоңазытқышты соққылық жүктемелерге ұшыратуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Есікшелерді, есікшелердің тұтқаларын сындырып алмау үшін, тоңазытқышты олардан ұстап жылжытпаңыз.

Тоңазытқышты жұмыс қалпында (вертикалды түрде) кез келген жабық көлік түрімен, кез келген ықтимал соққыларға, көлік құралының ішінде жылжуға және құлауға жол бермеу үшін оны сенімді бекітіп тасымалдау қажет.

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Егер тоңазытқышта ақаулықтардың нышандары бар болса, сервистік орталыққа хабарласудан бұрын, кестеге сәйкес тексеру жүргізуге кеңес береміз

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБИ	ЖОЮ ТӘСІЛІ
Тоңазытқыштың ішіндегі жарықтандыру шамы қосылмайды.	• Электр энергиясы жіберілмейді.	• Желілік бау электр желісіне тиісті түрде қосылмаған.
Тоңазытқыш пен мұздатқыштың камералары жеткілікті суық болып табылмайды.	Есікшелер жабылмаған. Есікшелер жиі ашылады.  Температура дұрыс орнатылмаған.  Тоңазытқышқа және мұздатқышқа тым көп өнімдер салынған. Қоршаған ортаның температурасы тым төмен.  Электр қуаты жіберілмейді.	Электр аспаптың қосулы тұрғанын тексеріңіз. Тоңазытқыштың есікшесі тығыздағыш аратөсеммен тығыз қабысуын тексеріңіз. Біраз уақыт қажеттіліксіз есікшелерді ашпаңыз. Температураның орнатылымын тексеріңіз және егер ол мүмкін болса, одан көрі төмен температураны орнатыңыз (Температураны реттеуді қараңыз). Тоңазытқыш немесе мұздатқыш камерадағы температура тұрақтанғанға дейін күте тұрыңыз. Қоршаған ауаның

	<p>Тоңазытқыштың артқы жағы бөлменің қабырғасына тым жақын орналасқан.</p>	<p>температурасы төлқұжаттық табличкада көрсетілгенге сәйкес келетінін тексеріңіз (Орнатуды қараңыз). Желілік бау электр желісіне тиісті түрде қосылмаған. Электр аспаптың өшірулі тұрмағанын тексеріңіз (Температураны реттеуді қараңыз). Электр желісіне кернеу бар екенін тексеріңіз. Электр аспапты бөлменің қабырғасынан алысырақ жылжытыңыз (Орнатуды қараңыз).</p>
<p>Тоңазытқыш камерадағы өнімдер мұздатылады.</p>	<p>Температура дұрыс орнатылмаған. Өнімдер тоңазытқыштың артқы қабырғасына тиіп тұр. Жаңа тамақтың тым көп көлемін мұздату тоңазытқыштағы температураның төмендеуіне әкеліп соғады.</p>	<p>Температураның реттелуін тексеріңіз (Температураны реттеуді қараңыз), және егер ол мүмкін болса, температураның орнатылымын азайтыңыз. Өнімдерді тоңазытқыштың артқы қабырғасынан аулақ жылжытыңыз. Мұздатылатын өнімдердің максималды көлемін асырмаңыз (Мұздатуды қараңыз)</p>
<p>Көкөністерге арналған тартпа жәшікте су бар.</p>	<p>Ауа айналымы жоқ. Көкөністер мен жемістер тым дымқыл.</p>	<p>Шыны сөреде және көкөністерге арналған жәшікте ауаның қалыпты айналымына кедергі жасайтын өнімдердің жоқ екенін тексеріңіз. Жемістер мен көкөністерді пластик қаптарға немесе контейнерлерге салыңыз немесе оларды пластик таспаға ораңыз</p>
<p>Электр қозғалтқыш тұрақты жұмыс істейді.</p>	<p>Есікшелер жабылмаған. Есікшелер жиі ашылады. Қоршаған ауаның температурасы тым жоғары.</p>	<p>Тоңазытқыштың есікшелері жабық тұрғанын және тығыздағыш аратөсемдер қабырғалармен тығыз қабысатынын тексеріңіз. Біраз уақыт қажеттіліксіз есікшелерді ашпаңыз. Қоршаған ауаның температурасы төлқұжаттық табличкада көрсетілгенге сәйкес келетінін тексеріңіз (Орнатуды қараңыз).</p>
<p>Мұздатылған өнімдер жібиді.</p>	<p>Қырау қабатының қалыңдығы 3 мм-ден артық.  Қоршаған ауаның температурасы</p>	<p>Дисплейде одан көрі жоғары температураны орнатыңыз. Жібітуді орындаңыз (Жібітуді қараңыз).  Тоңазытқышты одан көрі жылы</p>

	бұйымның климаттық класынан төмен. Компрессор сирек қосылады. Мұздатқыш камераның есікшесі жабылмаған. Қоршаған орта тым сыз.	үй-жайға ауыстырыңыз. Есікшенің жабық екенін және тығыздағыш аратөсем тығыз қабысатынын тексеріңіз.
Тоңазытқыштың сыртқы беттерінде конденсат түзіледі		Тоңазытқышты сызы азырақ үй-жайға ауыстырыңыз.

- Егер Сіз проблеманы өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, сервистік орталыққа хабарласып, ақаулықтың типін көрсетіңіз, тоңазытқыштың ішінде артқы қабырғасында (көкөністер мен жемістерге арналған жәшіктің артында) орналасқан бұл бұйымның төлқұжаттық табличкасында көрсетілген ақпаратты хабарласыңыз.
- Тоңазытқыштың моделі.
- Сериялық нөмірі.

### КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

**Тоңазытқыштың кепілді іске пайдалану мерзімі сатып алынған күннен бастап 1 жыл. Сатылу күні жоқ болған кезде кепілдік мерзімі автоматты түрде бұйымның шығарылған күнінен бастап есептеледі.**

Кепілдік міндеттемелер тоңазытқыштың жеткізу жиынтықтылығына кіретін кепілдік сертификатта көзделген. Кепілді іске пайдалану мерзімінде тоңазытқышты жөндеу тұтынушы іске пайдалану, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау шартымен тегін жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың тізімі тоңазытқыштың жеткізу жиынтықтылығына кіреді.

Кепілді жөндеу жүргізу қажет болған жағдайда оларды сервистік орталықтың мамандарына көрсету үшін сатушының чегін немесе түбіртегін сақтап қалыңыз.

Егер тоңазытқышта ақаулықтардың нышандары бар болса, сервистік орталыққа хабарласудан бұрын, кестеге сәйкес тексеру жүргізуге кеңес береміз.

Егер ақаулар жалғасатын болса – сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Егер тексерудің нәтижесінде тоңазытқыштың кемшілігі расталмаса, тасымалдау шығыстарын иеленуші сервистік қызметтің прейскуранты бойынша төлейді.

Тоңазытқышты іске пайдалану, тасымалдау және сақтау шарттарының бұзушылығына байланысты кемшіліктер туындаған жағдайда, тасымалдау шығыстары мен жөндеуге иеленуші сервистік қызметтің прейскуранты бойынша төлейді.

Бұйымның қызмет мерзімі -7 жыл.

Тоңазытқышқа техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен уәкілетті сервистік орталықтар айналысады.

Сервистік орталықтардың тізімін [www.candy.ru](http://www.candy.ru) сайтында «қолдау» бөлімінен табуға немесе +7 (499) 110-22-11 телефоны бойынша нақтылауға болады.

## ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Сауда маркасы	Candy
Өнімнің типі	Компрессиялық тоңазытқыш-мұздатқыш
Өндіруші	"Канди Гувер Груп С.р.л. ", Виа Комолли 16, 20861 Бругерио (Монца-э-Брианца), Италия
Фабрика	"Хома Апплаинсес Ко., Лтд.", Солтүстік Шенгуей өнеркәсіптік аймағы, Нантоу, Чжуншань, Гуандун провинциясы, Қытай
РФ аумағына жеткізуші	«Канди СНГ» ЖШҚ; 115419; Мәскеу, 2-й Рошинский өтпелігі, 8-үй; Tel: +7 (499) 110-22-11; candymow@candy.ru; www.candy.ru
Сәйкестік сертификаты	<p>Бұл бұйым Кедендік одақтың төмендегі техникалық регламенттеріне сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың сәйкестігі туралы»</li> <li>- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі туралы»</li> </ul> <p>Бұйым «РОСТЕСТ-МОСКВА» өнімдер мен қызметтерді сертификаттау жөніндегі органында сертификатталған, Мәскеу қаласы. Сізге сәйкестік сертификатының көшірмесін тауар сатып алынған дүкенде немесе <a href="mailto:candymow@candy.ru">candymow@candy.ru</a> электрондық поштасына сұрау жазу арқылы алуыңызға болады.</p>
Сериялық нөмірі (S/N)	Өнімнің сериялық нөмірі 16 цифрдан тұрады. (мысалы 34002268XXXXXXX), мұндағы:
<b>Сериялық нөмірі тоңазытқыштың ішінде артқы қабырғасында (көкөністер мен жемістерге арналған жәшіктің артында) орналасқан заттаңбада көрсетілген.</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алқашқы 8 цифр өнімнің зауыттық кодын құрайды.</li> <li>2. Келесі 4 цифр өндірілген күнін білдіреді. Мысалы, 1249, мұндағы: 12 – өндірілген жылы (2012 жыл), 49 – жылдың 49-шы аптасы.</li> <li>3. Соңғы төрт цифр – өнімнің партиядағы нөмірі.</li> </ol>

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Модельдер	CCPN 6180 IWRU CCPN 6180 ISRU	CCPN 200 IWRU CCPN 200 ISRU
Жалпы көлемі, литр	350	375
Тоңазытқыш камераның көлемі (пайдалы), литр	216	240
Мұздатқыш камераның көлемі (пайдалы), литр	100	100
Тоңазытқыш камераның жібіту жүйесі	Автоматты	
Тоңазытқыш камераның жібіту жүйесі	Автоматты	
Жұмыс кернеуі, 50Гц	~220-240	
Компрессордың номиналды қуаттылығы, Вт	106,5	106,5
Қыздырғыштың номиналды қуаттылығы, Вт	160	160
Номиналды ток, А	1.2	1.2
Электр энергиясының тұтынысы, кВт/жыл	386	399
Мұздатудың өнімділігі, кг/24 сағат	7	15
Климаттық класс	SN-T	SN-T
Қуат ажыратылған кезде температураның сақталу уақыты, сағат	20	20

Энергия тұтыну класы	A	A
Тоңазытқыш агент	R600a	R600a
Модельдер	CCPN 6180 IWRU CCPN 6180 ISRU	CCPN 200 IWRU CCPN 200 ISRU
Шуыл деңгейі	43 дБ	43 дБ
Бұйымның габариттері (Б×Е×Т), мм	1850 x 600 x 685	1950 x 600 x 685
Бұйымның массасы, кг, артық емес	76	79
Сериялық нөмірі		

**Ескерім.** Температуралық-энергетикалық параметрлер зертхана жағдайларында регламенттелген қоршаған ортаның температурасы, ауаның ылғалдылығы және т.б. жағдайында стандартты әдістеме бойынша анықталған.

Өндіруші, тоңазытқыштың негізгі техникалық сипаттамаларын өзгеріссіз сақтай отырып, оның конструкциясын жетілдіре алады. Ондай өзгерістер бұл нұсқаулықта көрсетілмеуі мүмкін.

Жеткізу жиынтықтылығына мыналар кіреді:

- Орыс тіліндегі іске пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
  - Кепілдік сертификаты;
  - Тоңазытқыштың класы бойынша деректермен бірге энергия тиімділігінің заттаңбасы;
- ОЛАРДЫ САҚТАҢЫЗ!!!**

Өндіруші фирма осы нұсқаулықтарда берілген баспа қателіктері үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді және негізгі техникалық сипаттамаларын өзгеріссіз қалдыра отырып, өз бұйымдарының сапасын жақсарту құқығын өзінде қалдырады.



KAZ

06.2016

